



**Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша
республикалық жасөспірімдер олимпиадасын өткізу
ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша Республикалық жасөспірімдер олимпиадасын өткізудің осы ережесі (бұдан әрі - Ереже) республикалық жасөспірімдер олимпиадасының (бұдан әрі - Олимпиада) кезеңдерін, Олимпиаданы өткізу мерзімін, тәртібін, сондай-ақ өткізілетін жалпы білім беретін пәндер тізбесін белгілейді.

2. Олимпиаданың басты мақсаты - оқушылардың жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді тереңдетіп оқытуға қызығушылығын арттыру, жоғары деңгейдегі олимпиадаларға жасөспірімдерді даярлау жүйесін жетілдіру және резерв құру.

3. Олимпиада келесі жалпы білім беретін пәндер бойынша бір турда өткізіледі: математика, физика, химия, биология және информатика.

4. Олимпиада үш кезеңнен тұрады:

- аудандық кезең – 2022 жылғы 5 сәуір;
- облыстық кезең - 2022 жылғы 13 сәуір;
- республикалық кезең - 2022 жылғы 11-13 мамырда.

5. Аудандық, облыстық кезеңді облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының білім беру басқармалары, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдары (бұдан әрі - «НЗМ» ДББҰ) және республикалық білім беру ұйымдары (бұдан әрі - РББҰ) өткізеді.

2. Олимпиадаға қатысушылар

6. Олимпиадаға республиканың білім беру ұйымдарының 7-8 сынып оқушылары қатысады.

7. Олимпиада тереңдетілген деңгейдегі жалпы орта білім беру бағдарламаларының мазмұнына негізделген тапсырмалар бойынша өткізіледі.

8. Облыстық кезеңнің нәтижесі бойынша ұйымдастыру комитеті облыстық кезеңде әр пәннен, әр сыныптан I орын алған (ең жоғары ұпай жинаған жеңімпаз) оқушылар қатысады. Әр аймаққа квота 10 оқушы (5 пән, 7-сынып-1, 8-сынып-1).

3. Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу тәртібі

9. Олимпиаданың әдістемелік кеңесі:

- Олимпиаданы ұйымдастырушыларға әрбір пән бойынша олимпиаданы ұйымдастыру және өткізуге қойылатын талаптарды әзірлейді, бекітеді және жібереді;

- тереңдетілген деңгейдегі жалпы орта білім беру бағдарламаларының мазмұны негізінде әрбір пән бойынша тапсырмалар құрастырады. Оның ішінен Олимпиадаға тапсырмаларының жиынтығын қалыптастырады;

- Олимпиада тапсырмаларымен қамтамасыз етеді, олардың құпиялылығына жауап береді.

10. Қатысушылардың орындаған тапсырмаларын объективті тексеру үшін Олимпиаданың әрбір кезеңінде әр пән бойынша қазылар алқасы құрылады.

Олимпиаданың барлық кезеңінің қазылар алқасы:

- бекітілген критерийлер мен бағалау әдістемелеріне сәйкес орындалған тапсырмаларды бағалайды;
- Олимпиадаға қатысушылармен олимпиаданың тапсырмаларын және олардың шешімдерін талдауды жүргізеді;
- Олимпиадаға қатысушының өтініші бойынша орындалған тапсырмаларды көрсетуді жүзеге асырады;
- Олимпиаданың қорытындысын қатысушыларға ұсынады;
- Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін әр пән бойынша рейтинг негізінде және Олимпиаданы ұйымдастырушы белгілеген тиісті кезеңнің квотасына сәйкес анықтайды;
- Олимпиаданың ұйымдастырушысына бекіту үшін нәтижелерді (хаттамаларды) ұсынады.

11. Қазылар алқасының құрамына жоғары оқу орындарының оқытушылары, докторанттар мен магистранттар, республикалық және халықаралық олимпиадалардың бұрынғы жеңімпаздары, студенттер, әдіскерлер, жоғары біліктілігі бар тәжірибелі оқытушылар кіре алады. Қазылар алқасының құрамына Олимпиадаға қатысатын оқушылары бар педагогтар немесе жаттықтырушылар кірмейді.

12. Олимпиада өткізілгеннен кейін тапсырмаларды талдау, үйлестіру және апелляция жүргізіледі. Олимпиадаға қатысушылар әр тапсырмаға/тармаққа/бөлімге келіспеу себептерін көрсете отырып, белгілі бір нысан-өтінішті толтырып, қойылған ұпайлармен келіспеу туралы апелляция беруге құқылы. Апелляцияға қазылар алқасының мүшелері және Олимпиадаға қатысушының өзі ғана қатысады. Апелляцияны қарау нәтижелері бойынша олимпиаданың қазылар алқасы апелляцияны қабылдамау, қойылған ұпайларды сақтау немесе апелляцияны қанағаттандыру және ұпайларды түзету туралы шешім қабылдайды.

13. Олимпиаданы өткізу кезінде өңірлік ұйымдастыру комитеті Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша сағат 10:00-ден 13:00-ге дейінгі кезеңде интернетте немесе әлеуметтік желілерде тапсырмалардың таралуын болдырмауды ерекше бақылауға алуы қажет.

Олимпиаданың аудандық/облыстық кезеңдерінің тапсырмалары интернетте немесе әлеуметтік желілерде таратылған жағдайда өңірлік ұйымдастыру комитеті ақпарат таратушыны анықтауы тиіс, анықтамаған жағдайда, ақпаратты тарату фактісі анықталған аудан немесе облыс Олимпиаданың келесі кезеңіне қатыспайды.

4. Жеңімпаздарды марапаттау

14. Барлық қатысушыларға Олимпиадаға қатысқанын растайтын сертификаттар (электронды немесе қағаз үлгісінде) беріледі.

15. Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері әр пән бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының дипломдарымен марапатталады. Жеңімпаздардың саны қатысушылардың жалпы санының 45 пайызын құрайды. Олимпиаданың қорытынды кезеңіндегі I, II және III дәрежелі дипломдар саны келесі пропорцияда анықталады: жеңімпаздардың 50% -ы III дәрежелі дипломдармен, 30% - II дәрежелі дипломдармен, 20% -ы I дәрежелі дипломдармен марапатталады. Егер бірнеше қатысушы жүлделі орындарды анықтау үшін қажетті төмен деңгейге сәйкес бірдей ұпай санын жинаған жағдайда, жүлдегерлер саны қазылар алқасының шешімімен көбеюі мүмкін.

**Жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша
республикалық жасөспірімдер олимпиадасының (бұдан әрі - Олимпиада)
аудандық, облыстық кезеңдерін ұйымдастыру және өткізу бойынша
нұсқаулық**

1. Олимпиада 7-8 сынып оқушылары үшін математика, физика, химия, биология және информатика пәндері бойынша өткізіледі.

2. Тапсырмаларды «Дарын» РҒПО-ның әдістемелік кеңесі әзірлейді және ұсынады.

3. Жергілікті жерлерде Олимпиаданы өткізудің ашықтығы мен академиялық адалдығын бақылау үшін мүдделі емес «үшінші тұлға» («Adaldyq alańy» жобалық кеңсесінің қызметкері, ата-аналар комитетінің өкілдері, журналистер, ғалымдар немесе ЖОО оқытушылары) шақырылады.

4. Олимпиаданың техникалық сүйемелдеуіне, тапсырмалардың сақталуы мен құпиялылығына, басып шығарылуына және жауап бланкілеріне дербес жауапты болатын жауапты тұлғаны, IT маманды тағайындау қажет.

5. Қатысушы тапсырмаларды «Дарын» РҒПО ұсынған жауап бланкілерінде орындайды. Жауап бланкілері Олимпиада басталғанға дейін 1 күн бұрын жауапты қызметкердің электрондық поштасына жіберіледі. Шешімдер (жауаптар) жауаптар бланкісінде көк түсті автоқаламмен толтырылуы тиіс.

6. Жауапты қызметкерге олимпиада басталғанға дейін 30 минут бұрын папкадан тапсырмаларды жүктеп алуға қол жеткізе алады (*тек gmail.com электрондық поштасы арқылы қол жетімді*). Жауапты қызметкер тапсырмаларды олимпиадаға қатысушылардың санына сәйкес басып шығарады. Тапсырмаларды басып шығару және қатысушылардың жұмысын сканерлеу барысы бейнебақылаумен қамтамасыз етілуі қажет. Әр облыс үшін тапсырмалар мен жауап бланкілерінің жеке таңбасы (маркировкасы) болады.

7. Әрбір аудиторияда кемінде 1 бейнебақылау камерасы орнатылуы тиіс, ол аудиторияны толық қамтуы тиіс. Олимпиаданың барлық қатысушылары бейнекамерада көрініп тұратындай етіп камераларды орнату қажет.

8. Тур аяқталғаннан кейін жауапты тұлға, IT маман көп функциялы құрылғыға (МФУ) жауап бланкілерін сканерлейді. Шимай қағаздар сканерленбейді және тексерілмейді. Сканерлеу аяқталғаннан кейін барлық жауап парақтарын жауапты тұлғаға тапсырады. Қатысушылар жұмысының сканерленген нұсқасы электрондық қоймада сақталады. IT маман файл атауын дұрыс толтырумен әрі қарай шифрлау, сайтта жариялау және қазылар алқасын тексеру үшін желідегі папкаға жүктейді.

9. Олимпиада аяқталғаннан кейін тапсырмалар «Дарын» РҒПО-ның интернет-ресурсында орналастырылады, хаттамалар нәтижелерімен, тапсырмалар шешімдерімен, бағалау критерийлері олимпиада өткізілетін орындарда және ақпараттық көздерде жарияланады.

**Қатысушы үшін нұсқаулық
Құрметті олимпиадаға қатысушылар!**

Олимпиада бір турда, классикалық олимпиадалық тапсырмалар түрінде өткізіледі. Тапсырмалардың орындалу уақыты тапсырмалар мәтінінде көрсетіледі.

Қатысушылар тапсырмаларды жауап бланкісінде көк түсті автоқаламмен орындайды. Жауап бланкісі жауап парақтарынан және титулдық парақтан тұрады, онда қатысушының аты-жөні, сыныбы, пәні, облысы, білім беру ұйымы, шифр және т.б. көрсетіледі. Олимпиаданы аяқтағаннан кейін қатысушы сканерлеу үшін жауап бланкілерін ІТ маманға тапсырады.

Олимпиадаға қатысушылар:

- Олимпиада басталғанға дейін кемінде 15 минут бұрын Олимпиада өтетін жерге келу;

- артық заттарды арнайы бөлінген орында қалдырып, аудиторияға өту;
- ұйымдастырушы көрсеткен орынға отыру;
- тапсырмалар мен жауап бланкілерін алу;
- жұмысты орындау жөніндегі нұсқаулықты тыңдау және онымен танысу;
- тапсырманы орындауға кірісу.

Олимпиада қатысушылары құқылы:

Қатысушылардың жұмыс орнында қажетті және рұқсат етілген кеңсе тауарларын қолдануға (жазу құралдары, заттаңбасы жоқ мөлдір шөлмектегі ауыз су және шоколад) болады. Калькуляторды физика, химия және биология пәндері бойынша қатысушылар пайдалана алады.

Олимпиадаға кешіккен қатысушылар Олимпиадаға қатыса алмайды.

Олимпиаданы өткізу кезінде қатысушыларға қатаң тыйым салынады:

- кез-келген электронды ақпаратты, жеке компьютер, мобильді және интернет байланыс құралдарын, анықтамалық материалдарды, шпаргалкаларды, оқулықтарды пайдалану, химияда ерігіштік кестесін қолдануға тыйым салынады;
- қатысушылардың бір-бірімен сөйлесуі, орнынан тұру, қатысушыны өз орнынан басқа орынға ауыстыру, қатысушылар арасында кез-келген материалдармен және заттармен алмасуға тыйым салынады.

Олимпиаданы өткізу барысында қатысушылар аудиториядан дәлелді себеппен (санитариялық бөлмеге, медициналық кабинетке) шыға алады, алдын-ала олимпиада жұмысын аудиториядағы жауапты ұйымдастырушыға тапсырады, қатысушы кезекшімен дәретханаға барады, бірақ тапсырманы орындауға уақыт қосылмайды.

Қатысушы әрбір пән бойынша олимпиаданы ұйымдастыруға және өткізуге бекітілген талаптарды бұзған жағдайда, Олимпиаданы ұйымдастырушының өкілі қатысушыны Олимпиададан шеттетуге туралы Акт жасап, қатысушыны аудиториядан шығаруға құқылы 1 қосымша.

Интернетте немесе әлеуметтік желілерде тапсырмалардың таралып кетуіне жол берілмейді.

Қатысушыны Олимпиададан шеттетуге туралы акт

Күні _____

Қатысушының аты-жөні _____

Сыныбы _____

Білім беру ұйымының толық атауы

(ауданы, қаласы, облысы)

Акт жасалды _____

— (Аудиторияда жауапты ұйымдастырушының аты-жөні)

Себебі

Ұйымдастырушының қолы _____ / _____

Аудиториядағы ұйымдастырушының қолы _____ / _____